

Белдерханов Айдын, Аманбаев Жаслан

Ақсу политехникалық колледжі, Алматы облысы, Қазақстан

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ

Кәсіптік білім берудегі оқу процесінің маңызы, оның мазмұны, құрылымы және логикасы, педагогикалық құралының анықталуы оның мақсатымен анықталады. Осыны ескере отырып, өндірістік оқытуды жан-жақты қарастыру керек.

Өндірістік оқытудың жалпы мақсатын төмендегі тәсілмен қарастырып, қалыптастыруға болады:

- Білім алушылардың мүмкіншіліктері мен қызығушылығына сәйкес кәсіби біліктілігін жоғарылатуы мен кәсіби іс-әрекетті игеруде олардың өндірістік білімі екі мағынаға ие: еңбекте және ең бірінші өндірістік еңбекте өзінің мүмкіншіліктерін толығымен көрсете білетіндіктен тұлғаның өзін-өзі сендіру, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі қалыптастыру құралы ретінде және нарықтық экономика жағдайында адамның бейімделуі және әлеуметтік қорғау құралы ретінде қарастыру;

- Басқаруға қатысатын, қоғамдық, экономикалық, өндірістік қарым-қатынасқа әкелуі, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесін меңгерген, әлеуметтік белсенді, шығармашыл қоғам мүшесін тәрбиелеу, әлемнің және өз елі мен жерінің тағдырына, өз елінің ата салт-дәстүрі мен дініне, тіліне жауапкершілікпен қарауға, табиғатын қорғауына, өздерінің болашақ кәсібі мен жұмыс орнына, мекемесіне, кәсіпорын қызметіне, өзінің еңбегінің нәтижесіне азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Жалпы кәсіби білім беретін және өндірістік білімінің кең ауқымды игерген гуманитарлық, әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сәйкес келетін кәсіп иесі мен білікті мамандарымен экономикалық, әлеуметтік,

мәдени және т.б. салаларды өндірістің ағымдық және перспективалық қажеттілігін қанағаттандыру басты назарға алынып отыр.

Мұндай өндірістік оқытудың мақсатын айқындауда еңбек нарығы жағдайында адамның әлеуметтік қорғалуымен бейімделуіне өндірістік оқыту мақсатында тұлғаның өзін-өзі қалыптастыру, өзін-өзі айқындау негізгі сұрақ болып табылады және білікті мамандармен өндірістің ағымдық және перспективті қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған өндірістік оқытудың іскерлігін, кәсіби дағдысын қалыптастыру болып табылады.

Соңғы уақытта кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың жеке оқу процесін қайта құруына бағытталған жалпы тенденциясы байқалуда.

Кәсіптік білім берудегі өндірістік оқытудың жалпы мақсаты оқу-тәрбие процесін іске асырумен жоспарлауда басшылыққа алынатын оның өзіндік «нұсқасы» өндірістік оқыту мекемесінің бітіруші түлегінің қоғамдағы орны мен оның жалпы сұранысына бағытталған.

Кәсіптік оқытумен қатар өндірістік білім беру қазіргі заманға бейімделу үшін алған мамандығы бойынша жұмысшы-маманның өз қызметін орындауына қажетті өндірістік оқыту стандартына сәйкес біліммен дағдыны игеруіне басты назар аударылып келеді.

Қазіргі түлектерден олардың өзіндік ойлау потенциясын қалыптастыру, интелектісін шығармашылықпен дамыту, есте сақтауын дамыту, дұрыс іс-әрекет жасай білу қабілеті, өндірістік және өмірлік жағдайлардағы қиыншылықтарды жеңе білуі, өз бетінше шешім қабылдауы, қорытынды жасауы, өз іс-әрекетіне жауап беруі талап етіледі.

Сондай-ақ олардың жеке қасиеттерін дамытуда: өзін-өзі және басқаларды адекватты және өзіндік бағалай білу қабілеті, этикалық және эстетикалық құндылықтарды қалыптастыруы, әлеуметтік ортада, ұжымда, топта айналадағыларға сыйластықпен қарауы, олармен ортақ мақсаттарын бөлісе білуі, іс-әрекеттері мен оқудағы белсенділіктері, пікірлері мен өз көзқарасын дәлелдей білуі, өз кәсіби білімі және мүмкіншілігімен күшіне сенуі, ақыл-ой және тәртіптегі еркіндігі басты назарда болуы керек.

Ал олар өзінің іс-әрекеті мен қызметіне бейімделу қабілетіне келетін болсақ: ең бірінші, өз іс-әрекетін бағалау, бақылау және талдай білу, өз жетістіктері және қиыншылықтары мен қателіктерінің себебін түсіну, оларды шешу жолдарын қарастыру, «қателіктерден үйрену» өндірістік және оқу-танымдық қасиеттердің сапасын көтеру және жол таба білу қабілеттеріне ие болулары қажет.

Қорыта айтқанда, бұл мақсаттар қазіргі заманауи қоғам сұраныстарында өндірістік оқытудың технократтық, гуманитарлық, жекелік бағыттарына тікелей бағыттала отырып, олардың жаңаша интеллектуалды, креативті ойлауымен дамыған маман ретінде көрсетілген болуы шарт. Қазіргі заманауи кәсіптік білім беру жағдайында білікті де кәсіби білімді жұмысшы-мамандардың және кәсіп иесінің бәсекеге қабілеттілігі көбіне өздеріне байланысты болып отыр. Олардың жылдам өзгермелі еңбек нарығының сұраныстарының өзгеруіне тез бейімделу қабілеттері, еңбек қызметінің жаңа салаларын меңгеру мүмкіншіліктері, кәсіптік байланыс, кез-келген істі шығармашылықпен шеше алуы, өз бетінше жауапты шешімдер қабылдай білу қабілеті сияқты жеке қасиеттер, оларды кең мағынада түсіне білуі, жаңашылдығы мен технологиялық дайындығы, кәсіптік компоненттерді қалыптастыру олардың негізгі міндеттеріне кіреді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Өстеміров К. Кәсіптік оқыту әдістемесі. – Алматы: «РАДиАЛ», 2006. – 240 бб.
2. Сейтешев А.П. Теоретико-методологические основы современной профессиональной педагогики. – Алматы, Мектеп, 2003, 463 с.
3. Өстеміров К.Ө. Кәсіптік педагогика. Оқу құралы. Алматы. 2006.